

PhD докторант, ғылыми қызметкер, Қожаева А.Р.

В.ғ.д., профессор, Кушалиев К.Ж.

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 090009, Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан Республикасы

Киіктер ценурозының клиникалық белгілері

Аннотация

Мақалада Батыс Қазақстан өңірінің Жәнібек және Казталов аудандарындағы мекендейтін киіктердің клиникалық белгілері сипатталған. Зерттеу нәтижелері бойынша киіктердегі ценуроздың клиникалық белгілері ұсақ малдарда кездесетін ценуроз белгілерімен өзіндік сәйкестіктері бар екендігі анықталды.

Кілт сөздер: ценуроз, *Coenurus cerebralis*, *taenia multiceps*

Кіріспе. Ценуроз – бұл бүкіл әлемде кең таралған күйіс қайыратын жануарлардың орталық жүйке жүйесінің ауруы [1,2].

Жануарларды өлімге әкелетін ауруы қоздырушысы *Coenurus cerebralis*, *taenia multiceps* личинка сатысынан туындайды. Бұл паразиттік ауру, ол малдың әртүрлі түрлеріне, соның ішінде мүйізді жануарларға, жылқыларға, шошқаларға және бүкіл әлемдегі адамдарға әсер етеді. Бұған *Coenurus cerebralis*, *taenia multiceps* сатысы себеп болады, олар иттер мен жабайы жыртқыштардың аш ішектерінде соңғы қожайындары ретінде өмір сүреді [3].

Ценуроз көпіршіктері негізінен мида және кейбір жағдайларда ұсақ мүйізді жануарлардың жұлынында және аз дәрежеде ірі қара малда кездеседі, бұл атаксия, бас ауруы және соқырлық сияқты неврологиялық белгілерге әкеледі.

Мұндай неврологиялық белгілер көп жағдайда зардап шеккен жануарлардың өліміне әкеледі. Ценуроз туралы адамдар мен жылқыларда да кездеседі [4].

Таяу Шығыстың кейбір елдерінен морфологиялық жағынан ұқсас *Coenurus cerebralis* көпіршіктерінің қойлар мен ешкілерде пайда болуы туралы мәліметтер бар, олар *taenia gaigeri* деп аталатын тері астындағы фассия, бұлшықет ішілік және перитонеальді аймақтар сияқты орталық жүйке жүйесінен тыс жерлерде жетіледі. Бұлшықеттердегі көпіршіктердің орналасуы ауырсынуды, бұлшықеттің бұзылуын, некрозды және атрофияны тудыруы мүмкін немесе зардап шеккен органның, әсіресе ауыр инфекцияларға әкелуі мүмкін [5,6].

Ценуроз Қазақстанның барлық аумағындағы жайылымдағы қой шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың көбісінде кездеседі. Айналма белгілері көбінесе бір жас шамасындағы төлдер ауырады. Екі жастан асқан жануарлар бұл аурумен сирек ауырады. Малдың шығыны жылдың кезкелген айында тіркеледі. Гельминтоздың малға берілу уақыты оларды жайылымға өрістеуімен тікелей байланысты. Республиканың солтүстік аудандарында мал өлімі жаз мезгілінде басталып, күздің соңына дейін жалғасады. Оңтүстік өңірде жануарлардың ценурозға шалдығуы сәуір-мамыр айларында басталып, шілде-тамыз айларында көбейеді. Ценуроздың клиникалық белгілері жануарлар қоздырғышты жұқтырғаннан кейін 3-6 айдан кейін ғана байқала бастайды. Бұл аурудың ең көп кездесетін мезгілі-ерте көктемгі мезгіл [7].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сай жұмыстың мақсаты Қазақстанның батыс аумағында мекендейтін Орал популяциясы киіктерінің ценурозының клиникалық белгілерін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмыстары 2021 жылы Жәңгір хан атындағы БҚАТУ паразитология зертханасында жүргізілді.

Зерттеу нысаны Батыс Қазақстан облысының Казталов және Жәнібек аудандарын мекендейтін Орал популяциясы киіктері болып табылады.

Жануарлардың паразиттік аурулары бойынша эпизоотиялық жағдай дерекқорларын "Охотзоопром" РМК инспекторларының деректерінен, 2021

жылғы мамырдан қазанға дейінгі далалық сапарлар барысында алынған өз деректерімізді талдау арқылы зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар. Ауру көбінесе екі жасқа дейінгі жасқа дейінгі киіктер шалдығады. Ауру жануарлардың тәбеті нашарлап, көздегі конъюнктивалары қызарып, мұрындарынан сұйықтық ағып, кілегей қабықтары ісінгендігі анықталды. Далалы жерлерде жануарлардың жекелеген өлімі байқалды. Содан кейін 3-6 айға дейін асимптоматикалық кезең басталады, ол аурудың тән клиникалық белгісін көрсете басатайды.. Мидағы ценурустың локализацияланған жеріне, оның мөлшеріне байланысты мидың атрофиясы жүреді, киіктердің шеңбер бойымен қозғалысы, мидың алдыңғы бөлігі зақымдалған кезде, олар басымен төмен тұрады немесе алға қарай жылжиды. Сондай-ақ, кейде киіктер жүгіріп келе жатып, күтпеген жерден құлап, сыртқы әсерлерге реакциясы болмай қалады. Тіпті кейде бастарын қандай да бір затқа тіреп тұрғандығы байқалды. Ценурозбан залалданған киік арықтап, орнынан тұра алмай, еңселеп жатып қалады.

Қорытынды. Атқарылған жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып, Киіктерде байқалған ценуроздың клиникалық белгілері ұсақ малдарда кездесетін ценуроздың клиникалық белгілеріне ұқсас екендігі айқындалды. Дегенмен киіктердегі ценуроз көпіршіктерінің көлемі мен мөлшерінің өзіндік ерекшелері бар.

Әдебиеттер:

1. Varcasia, A., Tosciri, G., Coccone, G.N.S., Pipia, A.P., Garippa, G., Scala, A., Damien, V., Vural, G., Gauci, C.G., Lightowlers, M.W., 2009. Preliminary field trial of a vaccine against coenurosis caused by *Taenia multiceps*. *Vet. Pathol.* 162, 285–289.
2. Veronesi, F., Lepri, E., Marchesi, M.C., Fillippini, G., Mandara, M.T., 2008. A focus of brain coenurosis in sheep coming from an Italian umbrian stock farm. *Large Anim. Rev.* 14, 217–222.

3. Abo-Shehada, M.N., Jebreen, E., Arab, B., Mukbel, R. & Torgerson, P.R. (2002). Prevalence of *Taenia multiceps* in sheep in northern Jordan. *Preventive Veterinary Medicine* 55: 201- 207.
4. Avcioglu, H., Terim, K.A. & Yildirim, A. (2012). Clinical, morphological and histo-pathological features of bovine coenurosis: case reports. *Revue de Medecine Veterinaire* 163: 295-298.
5. Oryan, A., Nazifi, S., Sharifiyazdi, H. & Ahmadnia, S. (2010). Pathological, molecular, and biochemical characterization of *Coenurus gaigeri* in Iranian native goats. *Journal of Parasitology* 96: 961-967.
6. Oryan, A., Goorgipour, S., Moazeni, M. & Shirian, S. (2012). Abattoir prevalence, organ distribution, public health and economic importance of major metacestodes in sheep, goats and cattle in Fars, southern Iran. *Tropical Biomedicine* 29: 349-359.
7. Алпысбай, Е., Кереев, Я.М./ Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ақжайық етті жүнді бағытындағы асыл тұқымды қой шаруашылығында қозы ценурозының таралуы және оларға қарсы шаралар./ Ғылым және білім. 2015. №2 (39). Б. 31-35
8. Нұрғазы Б.Ө. Соттық ветеринария: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір» 2013. – 368б.